

"Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қараша N 787 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1699. Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен .

Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің ұйымдастырылуын жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақтағы "департаментінің бастығына" деген сөздер "комитетіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібіне (бұдан әрі - **Т ә р т і п**) :

6 - т а р м а қ т а :

3-тармақшадағы "1 қаңтардан 31 маусымға дейін" деген сөздер "1 сәуірден 30 қыркүйекке дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген көлік құралдарын қоспағандағы жеке адамдардың көлік құралдары жылына бір рет 1 сәуірден 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде техникалық байқауға жатады.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген көлік құралдары республика аумағында алғаш рет тіркеумен байланысты тіркеу іс-қимылдарын жасау кезінде жол полициясының тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде техникалық байқауға

ж а т а д ы . " ;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖП Комитеті) конкурстың ұйымдастырушысы болады.

11. Конкурс Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен кестеде белгіленген мерзімдерде жыл сайын 1 ақпаннан 1 сәуірге дейінгі кезеңде өткізіледі. " ;

12-тармақтағы "Жол полициясы басқармасы" деген сөздер "ЖП Комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтағы "қарашаға" деген сөз "ақпанға" деген сөзбен ауыстырылсын;

15-тармақтағы "Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының ІІБ (ҚІБ) Жол полициясы басқармасының" деген сөздер "ЖП Комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық қадағалау" автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдайлардың болуын;" ;

18-тармақтағы "Жол полициясының уәкілетті қызметкерлері конкурстық комиссияның мүшелерімен бірлесіп" деген сөздер "жол полициясының аумақтық бөлімшесінің бастығы немесе жол полициясының уәкілетті қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтағы "Жол полициясының уәкілетті қызметкері" деген сөздер "осы Тәртіптің 18-тармағына сәйкес тексеру жүргізген адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармақтың 10) тармақшасындағы "1 қазанына" деген сөздер "31 наурызына" деген сөздермен ауыстырылсын;

25-тармақтағы "қарашаға" деген сөз "ақпанға" деген сөзбен ауыстырылсын;

26-тармақтағы "қаңтарға" деген сөз "сәуірге" деген сөзбен ауыстырылсын;

27-тармақтағы "айдан" деген сөз "аптадан" деген сөзбен ауыстырылсын;

35-тармақтың 5) тармақшасындағы бірінші абзацта "диагностикалық картаны" деген сөздердің алдынан "көлік құралдары және олардың техникалық жағдайы туралы деректер базасы пайдаланыла отырып берілген" деген сөздермен толықтырылсын;

36-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

36-тармақтың 7) тармақшасындағы "диагностикалық картаны" деген сөздердің алдынан "көлік құралдары және олардың техникалық жағдайы туралы деректер базасы пайдаланыла отырып берілген" деген сөздермен толықтырылсын;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Жол полициясының тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде алғаш рет тіркелетін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген көлік құралдары олардың заңнамада көзделген жол қозғалысы қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сай болуын растайтын құжаттың негізінде техникалық жағдайын диагностикалаусыз техникалық байқауға жатады."

3) Тәртіпке 1-қосымшада:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық қадағалау" автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдайлардың болуы."

10-тармақ алынып тасталсын;

4) Тәртіпке 2-қосымшада:

реттік нөмірі 8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық қадағалау" автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдайлардың болуы";

реттік нөмірі 11-баған алынып тасталсын;

5) Тәртіпке 4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6) Тәртіпке 5-қосымшадағы реттік нөмірі 10-баған алынып тасталсын.

2. Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІБ-ІІББ-нің бастықтары:

1) жол полициясы қызметкерлерінің осы бұйрықтың талаптарын оқып-үйренуін қамтамасыз етсін және жұмысты Тәртіпке енгізілген өзгерістерге сәйкес ұйымдастырсын;

2) мемлекеттік техникалық байқауды өткізу кезіндегі жекелеген талаптардың өзгергендігі туралы көлік құралдары иелерін хабарландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетіне (Н.Т. Мырзабеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

генерал-майор

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар

бірінші вице-министрі

N 4 қосымша

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТА

(заполняется уполномоченным работником станции
(пункта) технического диагностирования)

Диагностика пунктiнiң атауы _____

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТАНЫҢ N _____

— — — — —
Ағымдағы техникалық байқаудың датасы _____

Тоқсан техникалық байқаудан

өту датасы (автобустар үшін) _____

Көліктің мемлекеттік нөмірі _____

Маркасы, нұсқасы _____

Көлік куәлігінің сериясы, нөмірі _____

Көліктің түрі _____

Қозғағыштың N _____

Шасси N _____

Кузовтың N _____

Отын түрі: _____

Өндірген елі (ТМД, шетелдік) _____

Шығарылған жылы _____

Жүрген жолы, км _____

Қуаты (ат күші/кВт) _____

Отыратын орын саны (автобустар үшін) _____

Қозғағыштың көлемі, см³ (жеңіл көліктерге) _____

Жүк көтергіштігі, кг (жүк таситын көліктерге) _____

Тіркеуге алу орыны (қала, аудан) _____

Иесінің коды (1-заңды тұлға, 2-жеке тұлға) _____

Автокөлікте техникалық байқауға табыс ететін

адамның тегі/заңды тұлғаның атауы _____

Аты _____

Әкесінің аты/Ведомство _____

ЖК-нің берілген датасы, N сериясы _____

Уақытша тіркеу:/датасы _____

Іс-қимыл мерзімі _____

Мекен-жайы: Облысы _____
 Ауданы _____
 Елді мекені _____
 Көшесі, Үйі, Пәтері _____
 ЭДК - ны берген Мемлекеттік
 автоинспекторы _____
 Тіркеуші _____

Топтың атауы ! Конструкция параметрлерінің, ! ! !
 ! құрамдас бөлшектерінің немесе! Көрсет.!Сарапшы.!Сарапшы.
 ! қосымша құрылғыларының атауы ! кіштері! ның !ның қолы
 ! ! ! м ө р і !

Тормозная система: 1. Детали тормозной системы (повреждения) _____
 Тежеуіш жүйесі: 2. Эффективность стояночного тормоза _____
 3. Герметичность тормозного привода (давление в МПа) _____ МПа
 4. Разность тормозных сил передних колес _____ %
 5. Разность тормозных сил задних колес _____ %
 6. Тормозной путь (при проверке вне стендовых условий), метров _____ м
 7. Установившееся замедление, метров/с² _____ м/с²
 8. Время срабатывания тормозной системы, сек. _____ С
 9. Удельная тормозная сила _____ %

Рулевое 10. Сила по шкале динамометра,

управление: кг/сек. _____
Рульдік 11. Суммарный люфт на рулевом
басқару: колесе, градусов _____
12. Состояние рулевого
управления (удовл.-неудовл.) _____

Световые 13. Соответствие стандарту
приборы: внешних световых приборов _____
Жарық 14. Высота установки фары, мм мм
приборлары: _____
15. Угол наклона светового
пучка в вертикальной _____
плоскости
16. Расстояние от проекции
центра фары до светотеневой мм
границы пучка по экрану, мм _____

Ходовая часть: 17. Карданный вал
Жүріс бөлігі: (повреждения, крепление) _____
18. Сцепление (исправность) _____
19. Тягово-сцепное устройство
(исправность) _____
20. Колеса (повреждения
крепление) _____
21. Шины (размеры, остаток мм
рисунка протектора (мм)) _____

Стеклоочисти. 22. Стеклоочистители,
тели, стекло. стеклоомыватели, обогрев
омыватели: (наличие, исправность) _____
эйнек тазарт. 23. Максимальная частота ход/мин
қыштар, перемещения щеток, ход/мин _____
эйнек жуғыштар

Двигатель и его 24. Герметичность топливной

системы:	системы			
Қозғағыш	және	25.	Топливные баки	
оның жүйелері	(соответствие стандарту)			
		26.	Токсичность выхлопных газов	%
		27.	Дымность выхлопных газов	%

Прочие элементы	28.	Зеркала заднего вида		
конструкции:	(соответствие стандарту)			
Конструкцияның басқа да элементтері	29.	Светопропускаемость стекол		%
(исправность)	30.	Воздушный манометр		
31.	Спидометр (исправность)			
	32.	Приспособление для подавления помех радиоприему (наличие, исправность)		
	33.	Замки дверей, звуковой сигнал, аварийные выходы, мех. регулировка сидения водителя, ремни безопасности, грязы защитные фартуки, знак аварийной остановки, огнетушитель, аптечка		
	(наличие, исправность)			

Закл^юч^ен^ие _____ госавтоинспектора:
 Мемлекеттік автомобиль инспекторының қорытындысы: _____

Примечание: Ескерту: _____

Свидетельство и талон техосмотра N: _____

Техникалық байқау куәлігі мен талонының нөмірі _____

Государственный автомобильный инспектор: _____

Ш т а м п

Мемлекеттік автомобиль инспекторы _____

М ө р т а ң б а

ТО: ТҚ: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК